

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 15 мамыр N 834

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің Басқармасы төрағасының есебін тындалап және Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің 1996 жылғы қызмет нәтижелерін қарап Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің Басқармасының жылдық есебі, Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің жылдық балансы және кіріс пен шығын есебі бекітілсін.

2. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі Тексеру комиссиясының қорытындысы назарға алынсын.

3. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі аудиторының - "Делойт и Туш" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қорытындысы назарға алынсын.

4. 1996 жылдың қорытындысы бойынша кірісті бөлудің мынадай тәртібі белгіленсін

:

Резервтік қор - 38 976 000 теңге,

Дивидендер қоры - 78 000 000 теңге,

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі 1997 жылдың 1 маусымына дейін мерзімде дивидендерді аударуды жүргізсін.

Өндірістік және әлеуметтік даму қоры 25 063 000 теңге. Таза пайданың 637 486 000 теңге мөлшеріндегі қалған бөлігі Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің жарғылық қорын көбейтуге жіберілсін.

5. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің жарғылық қорының мөлшері 1 700 000 000 теңге болып айқындалсын.

6. "Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 4 шілдедегі N 916 Р950916_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 23, 264-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

atalған қаулымен бекітілген Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі Жарғысының 11-бабының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жарғыны тіркеуден өткізген кездегі Банктің жарғылық қоры 1 700 000 000 теңгеден тұрады және әрқайсысының нақты құны 100 теңге тұратын 17 000 000 жай акцияларға бөлінген.";

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банк Жарғысына қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ
Банкінің Жарғысына

ҚОСЫМША

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі
акцияларының құрылымы туралы

NN п/п	АКЦИОНЕР саны (дана)	Акциялар нақты құны (теңге)	Акциялардың қордағы үлесі (%)	Банктің Жарғылық
-----------	----------------------------	--------------------------------------	-------------------------------------	------------------

I Қазақстан	17 000 000	100	100	
Республикасының Үкіметі".				

7. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің Басқармасы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарының талаптарына сәйкес Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің жарғылық қорын тіркеуді жүзеге асырсын.

8. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің евробондтар шыгаруы және оларды халықаралық қаржы рыноктарында орналастыруы мақұлдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі